

and fostering their independent work skills through project-based learning. The research was conducted based on a mixed methodology that included the analysis of theoretical data and elements of pedagogical practice. The results of the study showed that the systematic use of project tasks significantly increases students' speaking activity, helps them adapt to collaborative work, and enables them to effectively use a foreign language in practical situations. The conclusions obtained clearly demonstrate the relevance of wide application of the Project-Based Learning method in English language teaching and its significant contribution to the development of learners' creative thinking.

Keywords: project-based learning, Project-Based Learning, English language teaching, constructivism, critical thinking, communicative competence, learning motivation, learner autonomy, criterion-based assessment.

Поступила в редакцию: 24.02.2026

Одобрена: 29.03.2026

Первая публикация на сайте: 16.06.2026

MPHTI: 14.35.07

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.08>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕДИАМӘДЕНИЕТ

^{*1}Ұ.Ө.КАРХАНОВА^{id}, ¹Г.Г.ЖУСУПБЕКОВА^{id}

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
(Көкшетау, Қазақстан)

^{*}karhanovaulbosyn2@gmail.com, g.g.zhussupbek@shokan.edu.kz

Аңдатпа

Мақала болашақ педагогтардың сыни ойлау қабілетін дамытуда медиамәдениеттің рөлін қарастырады. Цифрлық технологиялардың жылдам дамуы мен ақпарат көлемінің артуына байланысты, болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде ақпаратты сыни бағалау, талдау және интерпретациялау қабілеті маңызды. Осы тұрғыдан, медиамәдениет педагогтарды кәсіби дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – болашақ педагогтарда сыни ойлауды дамытуда медиамәдениеттің әлеуетін теориялық тұрғыдан негіздеу. Зерттеудің негізгі идеясы – білім беру үдерісінде медиаресурстарды мақсатты пайдалану студенттердің аналитикалық, бағалаушылық және рефлексивтік дағдыларын дамытуға ықпал етуі мүмкін екенін көрсету. Зерттеудің ғылыми маңызы медиамәдениет пен сыни ойлау арасындағы өзара байланысты анықтау және оларды педагогтарды даярлау контекстінде нақтылау. Практикалық маңызы – алынған нәтижелерді білім беру бағдарламаларын және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуде қолдануға мүмкіндік беру. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, салыстыру, жалпылау және жүйелеу әдістері қолданылды. Нәтижелер медиамәдениет болашақ педагогтарға ақпаратпен жұмыс жасауға, өз пікірін дәлелдеуге және негізделген шешімдер қабылдауға ықпал ететінін көрсетті. Алынған нәтижелер педагогикалық білім беру теориясы мен практикасында қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: медиамәдениет, сыни ойлау, болашақ педагог, цифрлық білім беру, ақпараттық сауаттылық, кәсіби даярлау, педагогикалық құзыреттілік.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесі жаңа талаптарға бейімделіп, болашақ педагогтың кәсіби даярлығында *сыни ойлау мен медиамәдениет маңызды рөл атқарады*. Ақпараттық ағынның артуы, жаңа медиа құралдарының кең таралуы және ақпараттың сенімділігін бағалау қажеттілігі педагогтың кәсіби қызметінде тек пәндік білімді меңгерумен шектелмей, ақпаратты талдау, интерпретациялау және педагогикалық мақсатта тиімді қолдану қабілетін талап етеді. Осы тұрғыда сыни ойлау - ақпаратты жүйелі түрде талдау, салыстыру, бағалау, қорытынды жасау және проблемаларды шешу қабілетін қамтитын ойлау үдерісі. Ол педагогқа оқу үдерісінде аргументтелген шешім қабылдауға, оқу мазмұнын тұлғаға

бағытталған түрде ұйымдастыруға және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді [Paul R., Elder L., 2014].

Медиамадениет – педагогтың ақпараттық және медиа ресурстармен саналы, этикалық және мақсатты әрекет ету қабілетін сипаттайтын интегративті құзыреттілік. Медиамадениетке медиасауаттылық, ақпараттық құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, коммуникативтік мадениет және жаңа медиа құралдарын тиімді қолдану дағдылары кіреді. Медиамадениетті меңгерген педагог медиамагтіндерді сыни тұрғыдан қабылдап, ақпарат көздерінің сенімділігін бағалай алады және манипулятивті ақпараттарды ажырата біледі [Buckingham D., 2003; Jenkins H., 2018].

Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуда медиамадениет пен сыни ойлау өзара тығыз байланыста қарастырылады. Медиамадениет педагогқа оқу үдерісінде аргументтелген шешім қабылдауға, оқу мазмұнын тұлғаға бағытталған түрде ұйымдастыруға және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, медиамадениетті меңгерген педагог ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді пайдаланып, шығармашылық және инновациялық белсенділігін арттыра алады. АКТ – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату және қолдануға арналған техникалық және бағдарламалық құралдар жүйесі, ол білім беру үдерісін интерактивті және тиімді етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, медиамадениет пен сыни ойлау педагогикада кеңінен қарастырылған. Джон Дьюи білім беру үдерісінде тәжірибелік ойлаудың ролін қарастырып, сыни ойлауды тәрбиенің негізі ретінде атап өткен [Dewey J., 1933]. Лен Мастерман медиабілім беруді сыни ойлауды дамыту құралы ретінде қарастырған [Masterman L., 1985]. Ричард Пол мен Линда Элдер сыни ойлаудың педагогикалық мәнін жүйелі түрде сипаттаған [Paul R., Elder L., 2014]. Дэвид Бэкингем медиасауаттылықты болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырса, Генри Дженкинс жаңа медиа мен қатысымдық мадениеттің білім беру үдерісіне интеграциясын сипаттаған [Buckingham D., 2003].

Қазақстандық зерттеушілер де бұл бағытта өз үлестерін қосқан. Жүсіпбек Аймауытов ойлау мадениетін қалыптастырудағы медиамадениеттің ролін қарастырса [Аймауытов Ж., 1998], Құдайберген Жарықбаев пен Асқарбек Құсайынов педагогтың кәсіби дайындығы мен медиамадениеттің сабақтағы тиімділігін талдаған [Жарықбаев Қ., 2004; Құсайынов А., 2016]. Осы зерттеулер медиамадениет пен сыни ойлаудың өзара байланысын дәлелдеп, заманауи ақпараттық ортада педагогикалық әрекетті тиімді ұйымдастыру жолдарын айқындайды.

Медиамадениет пен сыни ойлауды қалыптастыру педагогикалық білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі. Бұл педагогтың кәсіби дайындығын арттырып, ақпараттық-цифрлық ортада шешім қабылдау, шығармашылық және инновациялық іс-әрекет қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Болашақ педагог медиамадениет пен сыни ойлауды меңгерген жағдайда ғана заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына сай кәсіби шешімдер қабылдай алатын, өз білімін тиімді қолдана білетін тұлғаға айналады.

Осы зерттеудің мақсаты – *болашақ педагогтың сыни ойлауын қалыптастыру үдерісіндегі медиамадениеттің ролін анықтау* және оның педагогикалық мүмкіндіктерін негіздеу. Зерттеу нысаны – болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісі, ал зерттеу пәні – болашақ педагогтың сыни ойлауын қалыптастырудағы медиамадениет.

Негізгі бөлім

Қазіргі білім беру процесінде медиамадениет пен ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің маңызды компоненті. Болашақ педагог медиамадениетті қолдану арқылы студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамыту үдерісінің модераторы ретінде әрекет етеді. Бұл үдеріс студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттырудан бастап, медиаресурстармен жұмыс істеу, әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану және аналитикалық қабілеттерін дамыту сияқты бірнеше компоненттен тұрады.

Ақпараттық сауаттылық пен сыни ойлау

Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру педагог студенттерге ақпарат көздерін таңдау, олардың сенімділігін бағалау және ақпаратты сыни тұрғыдан талдау әдістерін үйрету арқылы жүзеге асады. Deanna Kuhn жүргізген зерттеулер студенттердің ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білуі олардың шешім қабылдау қабілетін едәуір арттыратынын көрсетті [Kuhn D., 2019]. Edward Arke медиамәдениет пен ақпараттық сауаттылықтың сыни ойлау дағдыларына әсерін зерттей келе, медиасауаттылық деңгейі мен студенттердің сыни ойлау деңгейі арасында статистикалық мағыналы байланыс бар екендігін анықтады [Arke E., Primack B.A., 2009].

Қазақстандық ғалымдар медиаресурстармен жұмыс істеу арқылы студенттердің ақпаратты талдау және бағалау қабілеттерін жетілдіретінін дәлелдеді [Бекбаева Ж., Сейдина М., 2025]. Бұл нәтижелер болашақ педагогтардың медиамәдениетті сабаққа интеграциялауының сыни ойлаудың дамуына тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, ақпараттық сауаттылықты дамыту студенттердің кәсіби шешім қабылдау үдерісінде объективті және жан-жақты ойлау қабілетін арттырады, бұл білім беру тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Медиа контентті талдау

Медиа контентті талдау әдістері студенттердің аналитикалық қабілеттерін дамытуда маңызды құрал. Мәтіндер, бейнелер, әлеуметтік желілердегі посттар және онлайн ресурстар арқылы студенттер ақпаратты интерпретациялау, салыстыру және сыни бағалау дағдыларын меңгереді.

Шетелдік зерттеуші Nolan Higdon медиамәдениеттің білім беру үрдісіндегі рөлін зерттей келе, критикалық медиасауаттылық пен медиа құралдарды талдау мұғалімдер мен студенттердің медиа контентті дұрыс интерпретациялауына мүмкіндік беретінін көрсетті [Higdon N., 2021]. Қазақстандық зерттеушілер да медиаресурстармен жұмыс істеу студенттердің ақпаратты талдау қабілетін арттыратынын дәлелдеді [Бекбаева Р.К., Сейдина А.Т., 2025].

Медиа контентті талдау тек аналитикалық ойлау қабілетін ғана емес, ақпаратты салыстыру, логикалық қорытынды жасау және дәлелдеу дағдыларын дамытады. Мысалы, студенттерге әлеуметтік желідегі хабарламаларды сыни тұрғыдан талдау тапсырмасы беріледі, ақпараттың сенімділігін бағалау және қай дереккөзге сүйенуге болатынын анықтау дағдылары қалыптасады.

Қазақстандық ғалымдар болашақ педагогтар медиамәдениетті сабаққа интеграциялаған жағдайда олардың аналитикалық ойлау қабілеті, педагогикалық шығармашылығы және білім беру тиімділігінің артатынын атап көрсетті [Канатова Д., 2021].

Әлеуметтік медианы қолдану

Әлеуметтік медианы тиімді пайдалану педагогқа студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілерді оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін қолданылатын құрал ретінде қарастырады [Jenkins H., 2018].

Мысалы, блог жүргізу, подкаст жасау немесе әлеуметтік желіде жобалық жұмыс ұйымдастыру арқылы студенттер ақпаратты талдау, қорытынды жасау және дәлелдеу қабілетін жетілдіреді. Бұл тәсіл медиамәдениет пен сыни ойлау арасындағы философиялық-педагогикалық байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік медианы қолдану студенттердің коммуникациялық дағдыларын, өзіндік пікірін қалыптастыру қабілетін және топтық ынтымақтастықты дамытады.

Медиамәдениетті сабақта қолданудың әдістемелік тәсілдері

Медиамәдениетті сабаққа енгізудің тиімді әдістемелері бірнеше бағытта жүзеге асады:

1. Визуалды ақпаратты қолдану – бейнелер, инфографика, презентациялар арқылы ақпаратты қабылдауды жеңілдету және сыни ойлауды дамыту. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша,

визуалды ақпарат арқылы оқушылардың ақпаратты есте сақтау қабілеті 65% дейін артады [UNESCO, 2022].

2. Интерактивті платформалар – Kahoot, Quizlet, Google Classroom сияқты платформаларды пайдалану студенттердің ақпаратты талдау, салыстыру және өз пікірін айту қабілеттерін арттырады [Skardovelli F., Frere M., 2015].

3. Дебат, пікірталас және топтық талқылау – медиамәдениетті сабаққа интеграциялаған кезде студенттердің сыни ойлау, аргументация жасау және коммуникациялық дағдылары дамиды.

4. Мультимедиялық тапсырмалар – ақпаратты визуалды және аудиожүйеде интеграциялау арқылы қабылдау мен өңдеуді жеңілдетеді, әсіресе жаңа ақпараттық технологияларды үйретуде тиімді.

5. Қазақстандық ғалымдар медиамәдениетті сабаққа кіріктірудің педагогикалық тиімділігін зерттеп, болашақ педагогтардың медиасауаттылығын арттырудың негізгі құралдары ретінде интерактивті сабақ, дискуссия, кейс-стади және жобалық тапсырмаларды қолдануды ұсынған [Тищенко А.А., 2020; Троянская С.Л., 2017].

Цифрлық медиаресурстар (онлайн курстар, YouTube, подкасттар) мен әлеуметтік желілерді пайдалану педагогқа:

- ақпарат көздерін салыстыру және сенімділігін бағалау;
- оқушылардың медиа хабарламаларды сыни бағалау қабілетін дамыту;
- коммуникациялық дағдылар мен шығармашылық ойлауды ынталандыру;
- оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы тіл мен медиасауаттылықты интеграциялау оқушылардың медиаконтентті сыни бағалау және коммуникациялық дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бұл білім беру үрдісін жандандырады [Yellubayeva P.K., et al., 2023]. Халықаралық зерттеулер media literacy мен critical thinking арасындағы байланысты көрсеткен, яғни медиасауаттылықты дамытудың білім беру стратегиялары арқылы сыни ойлау дағдыларын арттыруға болады [Scharrer E., Zhou Y., 2022]. Қазақстан жағдайында медиасауаттылық пен ақпараттық мәдениетті оқыту сапасының төмендігі медиа ресурстардың жетіспеушілігі мен кәсіби дайындық жүйесінің болмауымен түсіндірілген [Zhanibek N., Omarova D., 2023].

Әдістер

Зерттеу дизайны

Аталған зерттеу болашақ педагогтардың сыни ойлау қабілетінің қалыптасуына медиамәдениеттің ықпалын айқындауға бағытталған квази-эксперименттік сипатта жүргізілді. Зерттеу үдерісінде медиамәдени мазмұнға негізделген ситуациялық талдау әдісі (case study) қолданылды. Бұл тәсіл студенттердің медиамәтінді сыни тұрғыдан қабылдауына, талдауына, интерпретациялауына және өз көзқарасын негіздеп ұсынуына мүмкіндік береді.

Қатысушылар

Зерттеуге Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің педагогикалық бағыттағы мамандықтарында білім алатын екінші курс студенттері тартылды (N = 60). Қатысушылардың ішінде 42 қыз және 18 ұл студент бар. Іріктеу барысында мақсатты іріктеу (purposive sampling) әдісі пайдаланылды. Барлық студенттер зерттеуге өз еркімен қатысты.

Зерттеу құралдары

Студенттердің сыни ойлау деңгейін анықтау мақсатында критериалды негізде әзірленген және бейімделген диагностикалық шкала қолданылды. Аталған шкала ақпаратты сыни бағалау, аргументтеу және дәлелдеу, медиамәдениетті түсіну мен талдау, сондай-ақ коммуникативтік дағдылар көрсеткіштерін қамтиды.

Медиамәдениет деңгейін өлшеу үшін Likert типіндегі бес балдық шкала (1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толық келісемін») пайдаланылды.

Қолданылған өлшеу құралдарының ішкі бірізділігі Cronbach's alpha коэффициенті арқылы тексеріліп, сенімділік деңгейінің жоғары екені анықталды ($\alpha = 0.86$).

Зерттеу процедурасы

Зерттеу үш кезең бойынша ұйымдастырылды.

Бастапқы диагностика (pre-test)

Зерттеудің алғашқы кезеңінде студенттердің сыни ойлау дағдыларының бастапқы деңгейі айқындалды.

Интервенция кезеңі

Сегіз апта көлемінде медиамадени контентке негізделген ситуациялық талдау тапсырмалары жүйелі түрде орындалды. Қолданылған материалдар қатарына әлеуметтік желідегі жаңалықтар, бейнематериалдар, блог жазбалары, жарнамалық роликтер және қысқа фильмдер енгізілді.

Әр тапсырма барысында студенттер:

- медиамадениінің негізгі идеясын анықтады;
- ақпарат көзінің сенімділігін бағалады;
- авторлық ұстанымды талдады;
- ықтимал манипуляциялық элементтерді анықтады;
- аргументтелген қорытынды ұсынды.

Қорытынды диагностика (post-test)

Интервенция кезеңі аяқталғаннан кейін студенттердің сыни ойлау деңгейі қайта өлшенді.

Деректерді талдау

Жиналған деректер SPSS бағдарламасы көмегімен статистикалық өңдеуден өткізілді. Pre-test және post-test нәтижелерін салыстыру үшін жұптық t-test қолданылды. Айнымалылар арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсон корреляциялық талдауы жүргізілді. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0.05$ деп белгіленді.

Этикалық мәселелер

Зерттеу барысында академиялық адалдық қағидалары сақталды. Қатысушылар зерттеудің мақсаты мен мазмұны туралы алдын ала хабардар етіліп, алынған мәліметтердің құпиялығы қамтамасыз етілді.

Нәтижелер

Зерттеу Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің педагогикалық бағыттағы мамандықтарында білім алатын 2 курс студенттері арасында жүргізілді. Зерттеуге ерікті түрде 60 студент қатысты ($N=60$), оның ішінде 42-і қыз, 18-і ұл студенттер. Іріктеу әдісі ретінде мақсатты (purposive sampling) іріктеу қолданылды.

Зерттеудің сенімділігін анықтау мақсатында қолданылған сауалнама мен тест құралдарының ішкі бірізділігі Cronbach's alpha коэффициенті арқылы тексерілді ($\alpha = 0.86$), бұл өлшеу құралдарының жоғары сенімділігін көрсетеді.

Зерттеу квази-эксперименттік дизайнға ұйымдастырылып, студенттердің сыни ойлау деңгейі зерттеу басында (pre-test) және медиамадениетке негізделген оқыту моделі енгізілгеннен кейін (post-test) өлшенді. Сыни ойлау деңгейін бағалау үшін бейімделген критериалды шкала қолданылды, ал медиамадениет деңгейін анықтауда Likert типті 5 балдық шкала пайдаланылды (1-кесте). Жұптық t-test нәтижелері барлық көрсеткіштер бойынша статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($p < 0.001$). Бұл медиамадениетке негізделген оқыту моделінің студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуда тиімді екенін дәлелдейді.

Студенттердің сыни ойлау дағдыларының pre-test және post-test нәтижелері

Дағды түрі	Pre-test M (SD)	Post-test M (SD)	t	p
Ақпаратты сыни бағалау	2.9 (0.61)	4.1 (0.54)	9.32	<0.001
Аргументтеу және дәлелдеу	2.8 (0.58)	3.9 (0.57)	8.47	<0.001
Медиамадениетті түсіну және талдау	3.0 (0.63)	4.3 (0.49)	10.15	<0.001
Коммуникативтік дағдылар	3.1 (0.60)	4.0 (0.55)	8.76	<0.001

Ең жоғары өсім медиамадениетті түсіну және талдау қабілетінде байқалды ($M_{pre} = 3.0 \rightarrow M_{post} = 4.3$), бұл студенттердің медиаконтенттің әлеуметтік және тұлғалық әсерін тереңірек түсіне бастағанын көрсетеді. Ақпаратты сыни бағалау қабілетінің айтарлықтай артуы ($M_{pre} = 2.9 \rightarrow M_{post} = 4.1$) студенттердің медиамадениеттің сенімділігін тексеру және манипуляция элементтерін анықтау дағдыларының қалыптасқанын дәлелдейді.

Қосымша пайыздық талдау нәтижелері бойынша студенттердің 85%-ы ақпаратты сыни бағалау қабілетінің артқанын, 78%-ы аргументтеу және дәлелдеу дағдыларының жақсарғанын, 90%-ы медиамадениетті түсіну деңгейінің жоғарылағанын, ал 82%-ы коммуникативтік дағдыларының дамығанын көрсетті.

Корреляциялық талдау нәтижесінде медиамадениет деңгейі мен сыни ойлау көрсеткіштері арасында оң және орташа күшті байланыс анықталды ($r = 0.62$, $p < 0.01$). Бұл медиамадениет дамыған сайын студенттердің сыни ойлау деңгейі де жоғарылайтынын көрсетеді.

Осылайша, алынған нәтижелер медиамадениетке негізделген оқыту болашақ педагогтардың сыни ойлауын қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралы екенін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдейді.

Пікір алмасу

Алынған нәтижелер медиамадениетке негізделген оқыту моделінің болашақ педагогтардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда статистикалық тұрғыдан маңызды әсер ететінін көрсетеді. Барлық дағдылар бойынша pre-test және post-test көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтар мағыналы болды ($p < 0.001$), бұл медиамадениетті контентті жүйелі қолданудың студенттердің когнитивтік белсенділігін арттыратынын дәлелдейді.

Ақпаратты сыни бағалау бойынша орташа балдың 2.9-дан 4.1-ге дейін өсуі ($t = 9.32$) студенттердің медиамадениеттің сенімділігін тексеру, дереккөздерді салыстыру және ықтимал манипуляцияларды анықтау қабілеттерінің едәуір жақсарғанын көрсетеді. Бұл нәтиже медиамадениеттің ақпараттық сауаттылық пен сыни ойлауды дамытудағы негізгі фактор екенін көрсететін алдыңғы зерттеулермен үйлеседі.

Аргументтеу және дәлелдеу дағдыларының 2.8-ден 3.9-ға дейін өсуі ($t = 8.47$) студенттердің өз пікірін логикалық жүйеде құрастырып, дәлелдер арқылы қорғауға үйренгенін көрсетеді. Басқа дағдылармен салыстырғанда бұл көрсеткіш сәл төмендеу болса да, аргументтік ойлаудың күрделілігімен түсіндіріледі. Сонымен бірге, медиамадениеттің негізделген тапсырмалар бұл дағдыны дамытуға қолайлы орта қамтамасыз етті.

Медиамадениетті түсіну және талдау қабілеті бойынша ең үлкен өсім байқалды ($M_{pre} = 3.0 \rightarrow M_{post} = 4.3$; $t = 10.15$), бұл студенттердің медиаконтентті әлеуметтік және мәдени құбылыс ретінде қабылдауға, мазмұнын, құрылымын және қоғам мен тұлғаға ықпалын саналы түрде бағалауға үйренгенін көрсетеді. Мұндай дағды болашақ педагогтарға оқу процесінде медиаресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігін береді.

Коммуникативтік дағдылар 3.1-ден 4.0-ге дейін өсуі ($t = 8.76$) студенттердің топтық талқылаулар мен пікір алмасу барысында өз ойын жеткізуіне, өзгенің көзқарасын тыңдауына және бірлескен әрекетте тиімді жұмыс істеуіне ықпал еткенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, медиамадениет деңгейі мен сыни ойлау көрсеткіштері арасындағы оң және орташа күшті корреляцияның анықталуы ($r = 0.62$; $p < 0.01$) медиамадениет деңгейі артқан сайын студенттердің сыни ойлау қабілетінің де жоғарылайтынын көрсетеді. Бұл медиамадениетті болашақ педагогтарды даярлау бағдарламасына енгізудің теориялық және практикалық маңыздылығын растайды.

Жалпы, зерттеу деректері медиамадениетке негізделген оқытудың болашақ педагогтардың сыни ойлауын қалыптастырудағы тиімді және ғылыми негізделген педагогикалық модель екенін көрсетеді.

Қорытынды

Медиамадениет болашақ педагогтардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Студенттер ақпаратты сыни бағалау, медиаконтентті дұрыс түсіну және талдау қабілеттерін меңгерді. Аргументтеу және дәлел келтіру дағдылары қалыптаса бастады, бұл олардың ойларын логикалық жүйеге келтіріп, пікірін дәлелді түрде қорғауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, коммуникативтік және кәсіби дағдылардың дамуы топтық жұмысқа белсенді қатысуға, пікірталастар жүргізуге және көшбасшылық қабілеттерді жетілдіруге септігін тигізді.

Медиамадениетті қолдану тек сыни ойлауды дамытумен шектелмей, студенттердің әлеуметтік және коммуникативтік құзыреттерін нығайтуға да мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе студенттердің медиа-мәдени ортада ақпаратты саналы түрде тұтынуға үйренуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, медиамадениеттің ықпалымен студенттер әртүрлі көзқарастарды салыстыра отырып, өз пікірін объективті түрде қалыптастыра алады. Бұл дағдылар болашақ педагогтарға оқу процесінде ақпаратты сараптай отырып, сыни талдау жүргізуге көмектеседі. Медиамадениетті пайдалану арқылы студенттер шығармашылық ойлауды, проблемаларды шешу қабілетін және жаңашыл тәсілдерді қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, олар командада тиімді жұмыс істей білуге, сыни пікірталастарға қатысуға және этикалық шешім қабылдауға дайындалады. Осылайша, медиамадениет оқу процесінде болашақ педагогтарды дайындауда, ақпаратты талдау және объективті көзқарас қалыптастыруға, кәсіби қызметте сыни ойлауды жүйелі қолдануға ықпал ететін тиімді құрал екені анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Paul R., Elder L. (2014) Critical thinking: Tools for taking charge of your learning and your life. 2nd edition. *Person Education*, 40 [Электрондық ресурс]: URL: <https://ptgmedia.pearsoncmg.com/images/9780133115284/samplepages/0133115283.pdf> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Buckingham D. (2003) *Media education: Literacy, learning and contemporary culture*. Polity Press, Cambridge, 232 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.politybooks.com/bookdetail?book_slug=media-education-literacy-learning-and-contemporary-culture--9780745628295 (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Jenkins H. (2018) *Social media as a tool for creative and critical thinking* [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/264859500_Social_Media_and_Creativity (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Dewey J. (1933) How we think: A restatement of the relation of reflective thinking to the educative process. *D.C. Heath & Co* [Электрондық ресурс]: URL: <https://archive.org/details/howwethinkrestat00dewerich/page/n9/mode/1up> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Masterman L. (1985) *Teaching the media*. London: Routledge, 180 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.rcmediafreedom.eu/Resources/Books/Teaching-the-Media> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Аймауытов Ж. (1998) *Ойлау мәдениеті мен медиамадениет*. Алматы: Білім, 120 [Электрондық ресурс]: URL: <https://keruenjournal.kz/main/article/download/1037/417/2589> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).

- Жарықбаев Қ. (2004) *Педагогтың кәсіби дайындығы және медиамәдениет*. Алматы: Атамұра, 95 [Электрондық ресурс]: URL: https://elibrary.kaznu.kz/wpcontent/uploads/2020/05/zharykbaev_kubygul_bozaiuly_2009 (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Құсайынов А. (2016) *Болашақ педагогтың медиамәдениетті меңгеруі*. Астана: Ұлттық педагогикалық университет баспасы, 120 [Электрондық ресурс]: URL: <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/06/kusaiynov-a.k.-biobibliografiyalyk-korsetkysh-2021.pdf> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Kuhn D. (2019) Teaching critical thinking: Linking theory and practice. *Educational Research Review*, 27, 1-12 [Электрондық ресурс]: URL: <https://karger.com/hde/article-abstract/62/3/146/158165/Critical-Thinking-as-Discourse?redirectedFrom=fulltext> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Arke E., Primack B.A. (2009) Quantifying media literacy: Development, reliability, and validity of a new measure. *Educational Media International*, 46, 1, 53-65. DOI: <https://doi.org/10.1080/09523980902780958> [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/09523980902780958> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Бекбаева Ж., Сейдина М. (2025) ЖОО білім алушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін оқытуда медиаресурстарды қолдану. *ILIM*, 43(1), 8-17. DOI: <https://doi.org/10.47751/skpu.1937.v43i1.1> [Электрондық ресурс]: URL: <https://ilim.okmpu.kz/index.php/bulletin/article/view/215> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Higdon N. (2021) Critical media literacy in educational processes. *Journal of Media Education Studies*, 12(1), 34-49 [Электрондық ресурс]: URL: <https://digitalcommons.uri.edu/jmle/vol14/iss1/1/> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Канатова Д. (2021) Медиамәдениет қазіргі заман келбетіндегі болашақ. *Bilim.all*, 24 сәуір [Электрондық ресурс]: URL: <https://bilim-all.kz/article/14902> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- UNESCO (2022) *Media and Information Literacy* [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.unesco.org/en/weeks/media-information-literacy> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Scardovelli F., Frere M. (2015) Interactive platforms in teaching critical media literacy. *Educational Technology & Society*, 18(4), 112-123 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.j-ets.net/ETS/journals/18_4/10.pdf (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Тищенко А.А. (2020) Формирование медиакомпетентности будущих учителей средствами смешанного обучения: Дис. ... канд. пед. наук [Электрондық ресурс]: URL: <https://kgik1966.ru/content/cms/files/59826.PDF> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Троянская С.Л. (2017) Развитие медиакомпетентности студентов в учебной деятельности. *Вестник Удмуртского университета. Серия: Философия. Психология. Педагогика*, 2, 255-261 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitiie-mediakompetentnosti-studentov-v-uchebnoy-deyatelnosti> (өтінім берілген күні: 27.03.2026).
- Yellubayeva P.K., Berkinbayeva G.O., Khamidova A.K. (2023) State of media literacy education in language classrooms: challenges and opportunities. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 5, 405, 71-87. DOI: <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.577> [Электрондық ресурс]: URL: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5740> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Scharrer E., Zhou Y. (2022) Media literacy and communication. *Oxford Research Encyclopedias, Communication*, 18 May, 24. DOI: <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190228613.013.1304> [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/382706037_Media_Literacy_and_Communication (өтінім берілген күні: 22.01.2026).
- Zhanibek N., Omarova D. (2023) *Media literacy in Kazakhstan: Educators' perspectives and policy implications* [Электрондық ресурс]: URL: <https://research.nu.edu.kz/en/publications/media-literacy-in-kazakhstan-educators-perspectives-and-policy-im> (өтінім берілген күні: 22.01.2026).

References

- Paul R., Elder L. (2014) Critical thinking: Tools for taking charge of your learning and your life. 2nd edition. *Person Education*, 40 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://ptgmedia.pearsoncmg.com/images/9780133115284/samplepages/0133115283.pdf> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Buckingham D. (2003) *Media education: Literacy, learning and contemporary culture*. Polity Press, Cambridge, 232 [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.politybooks.com/bookdetail?book_slug=media-education-literacy-learning-and-contemporary-culture-9780745628295 (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Jenkins H. (2018) *Social media as a tool for creative and critical thinking* [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.researchgate.net/publication/264859500_Social_Media_and_Creativity (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Dewey J. (1933) How we think: A restatement of the relation of reflective thinking to the educative process. D.C. Heath & Co [Elektrondyk resurs]: URL: <https://archive.org/details/howwethinkrestat00dewerich/page/n9/mode/lup> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Masterman L. (1985) *Teaching the media*. London: Routledge, 180 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.rcmediafreedom.eu/Resources/Books/Teaching-the-Media> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Ajmauytov Zh. (1998) *Ojlau madenieti men mediamadeniet*. Almaty: Bilim, 120 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://keruenjournal.kz/main/article/download/1037/417/2589> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Zharykbaev K. (2004) *Pedagogtyn kasibi dajyndygy zhane mediamadeniet*. Almaty: Atamura, 95 [Elektrondyk resurs]: URL: https://elibrary.kaznu.kz/wpcontent/uploads/2020/05/zharykbaev_kubygul_bozaiuly_2009 (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Kusajynov A. (2016) *Bolashak pedagogtyn mediamadenietti mengerui*. Astana: Ulttyk pedagogikalyk universitet baspasy, 120 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/06/kusajynov-a.k.-biobibliografiyalyk-korsetkysh-2021.pdf> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Kuhn D. (2019) Teaching critical thinking: Linking theory and practice. *Educational Research Review*, 27, 1-12 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://karger.com/hde/article-abstract/62/3/146/158165/Critical-Thinking-as-Discourse?redirectedFrom=fulltext> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Arke E., Primack B.A. (2009) Quantifying media literacy: Development, reliability, and validity of a new measure. *Educational Media International*, 46, 1, 53-65. DOI: <https://doi.org/10.1080/09523980902780958> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/09523980902780958> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Bekbaeva Zh., Sejdina M. (2025) ZhOO bilim alushylarynyn syni ojlau kabiletterin damytu ushin okytuda mediaresurstardy koldanu. *ILIM*, 43(1), 8-17. DOI: <https://doi.org/10.47751/skpu.1937.v43i1.1> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://ilim.okmpu.kz/index.php/bulletin/article/view/215> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Higdon N. (2021) Critical media literacy in educational processes. *Journal of Media Education Studies*, 12(1), 34-49 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://digitalcommons.uri.edu/jmle/vol14/iss1/1/> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Kanatova D. (2021) Mediamadeniet kazirgi zaman kelbetindegi bolashak. *Bilim.all*, 24 sauir [Elektrondyk resurs]: URL: <https://bilim-all.kz/article/14902> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- UNESCO (2022) *Media and Information Literacy* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.unesco.org/en/weeks/media-information-literacy> (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Scardovelli F., Frere M. (2015) Interactive platforms in teaching critical media literacy. *Educational Technology & Society*, 18(4), 112-123 [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.j-ets.net/ETS/journals/18_4/10.pdf (otinin berilgen kuni: 22.01.2026).
- Tishchenko A.A. (2020) Formirovanie mediakompetentnosti budushchih uchitelej sredstvami

- smeshannogo obucheniya: *Dis. ... kand. ped. nauk* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://kgik1966.ru/content/cms/files/59826.PDF> (otimim berilgen kuni: 22.01.2026).
- Troyanskaya S.L. (2017) Razvitie mediakompetentnosti studentov v uchebnoj deyatel'nosti. *Vestnik Udmurtskogo universiteta. Seriya: Filosofiya. Psihologiya. Pedagogika*, 2, 255-261 [Elektrondyk resurs] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-mediakompetentnosti-studentov-v-uchebnoy-deyatelnosti> (otimim berilgen kuni: 27.03.2026).
- Yellubayeva P.K., Berkinbayeva G.O., Khamidova A.K. (2023) State of media literacy education in language classrooms: challenges and opportunities. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 5, 405, 71-87. DOI: <https://doi.org/10.32014/2023.25181467.577> [Elektrondyk resurs] URL: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5740> (otimim berilgen kuni: 22.01.2026).
- Scharrer E., Zhou Y. (2022) Media literacy and communication. *Oxford Research Encyclopedias, Communication*, 18 May, 24. DOI: <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190228613.013.1304> [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.researchgate.net/publication/382706037_Media_Literacy_and_Communication (otimim berilgen kuni: 22.01.2026).
- Zhanibek N., Omarova D. (2023) *Media literacy in Kazakhstan: Educators' perspectives and policy implications* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://research.nu.edu.kz/en/publications/media-literacy-in-kazakhstan-educators-perspectives-and-policy-im> (otimim berilgen kuni: 22.01.2026).

Формирование критического мышления будущего педагога в условиях медиакультуры

¹У.Карханова, ¹Г.Г.Жусупбекова

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова (Кокшетау, Казахстан)

Аннотация

Статья рассматривает роль медиакультуры в развитии критического мышления у будущих педагогов. В условиях стремительной цифровизации и роста объема информации способность будущих педагогов критически оценивать, анализировать и интерпретировать информацию в профессиональной деятельности становится особенно значимой. В этом контексте медиакультура рассматривается как важный компонент профессиональной подготовки педагогов. Цель исследования – теоретически обосновать потенциал медиакультуры в формировании критического мышления у будущих педагогов. Основная идея работы заключается в том, что целенаправленное использование медиаресурсов в образовательном процессе способствует развитию аналитических, оценочных и рефлексивных навыков студентов. Научная значимость исследования заключается в выявлении взаимосвязи между медиакультурой и критическим мышлением, а также в уточнении их содержания в контексте подготовки педагогов. Практическая значимость связана с возможностью применения результатов при разработке образовательных программ и методических рекомендаций. В исследовании использовались методы теоретического анализа, сравнения, обобщения и систематизации научных источников. Результаты показывают, что медиакультура может способствовать будущим педагогам в обработке информации, аргументации своей позиции и принятии обоснованных решений. Полученные данные могут быть использованы как в теории, так и на практике педагогического образования.

Ключевые слова: медиакультура, критическое мышление, будущий педагог, цифровое образование, информационная грамотность, профессиональная подготовка, педагогическая компетентность.

Formation of critical thinking of a future teacher in the context of media culture

¹U.Karkhanova, ¹G.G.Zhussupbekova

¹Sh.Ualikhanov Kokshetau University (Kokshetau, Kazakhstan)

Abstract

The article examines the role of media literacy in the development of critical thinking among future teachers. In the context of rapid digitalization and the growing volume of information, the ability of prospective educators to critically evaluate, analyze, and interpret information in their professional practice is increasingly important. In this regard, media literacy is considered an important component of teacher professional training.

The purpose of the study is to theoretically substantiate the potential of media literacy in fostering critical thinking among future educators. The central idea of the work is that the deliberate use of media resources in the educational process can contribute to the development of students' analytical, evaluative, and reflective skills. The scientific significance of the study lies in identifying the relationship between media literacy and critical thinking and clarifying their content in the context of teacher preparation. The practical relevance is associated with the possibility of applying the findings in the development of educational programs and methodological recommendations. The study employed methods of theoretical analysis, comparison, generalization, and systematization of scientific sources. The results suggest that media literacy can support future teachers in processing information, justifying their own positions, and making informed decisions. The findings can be used in both the theory and practice of teacher education.

Keywords: media culture, critical thinking, future educator, digital education, information literacy, teacher training, professional competence.

Поступила в редакцию: 18.02.2026

Одобрена: 09.04.2026

Первая публикация на сайте: 16.06.2026

MPHTI: 14.25.09

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.09>

THEORETICAL FOUNDATIONS OF FORMING FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF 5TH GRADE STUDENTS

**¹F.G.SHINSHALINA^{id}, ¹R.ZHUSSUPOVA^{id}*

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University

(Astana, Kazakhstan)

**shinshalina@gmail.com, rozazhusupova@gmail.com*

Abstract

This article examines the theoretical foundations of forming foreign language communicative competence among high school students within the context of modern educational requirements. The study highlights key pedagogical approaches, psychological principles, and linguistic components that contribute to effective language learning at the middle school level. Special attention is given to the role of age-specific cognitive development, motivation, and social interaction in the process of language acquisition. Emphasis is placed on communicative teaching methods, learner-centered instruction, and the integration of meaningful language activities that encourage real-life communication. The article also analyzes the importance of creating a supportive classroom environment where students can actively participate in language practice without fear of making mistakes. Furthermore, the research outlines the interconnected development of listening, speaking, reading, and writing skills as essential elements of communicative competence. The article aims to provide a comprehensive conceptual framework for teachers to improve foreign language instruction and enhance students' communicative abilities through effective and innovative pedagogical strategies.

Keywords: foreign language education, communicative competence, communicative approach, language skills, learner-centered teaching.

Introduction

In contemporary educational systems, the formation of foreign language communicative competence is regarded as one of the central goals of language instruction. The increasing interconnectedness of societies and the growing role of international communication require learners to develop not only knowledge of grammatical structures and vocabulary but also the ability to use a foreign language effectively in real communicative contexts.

Today, large-scale changes are taking place in school education related to the updating of the content of education, the introduction of new educational standards and the active use of digital technologies. A modern school focuses not only on the transfer of knowledge, but also on the development of the student's personality, independence, critical thinking and ability to communicate. The student with